

Смағұлова Г.С., Нұрғали А.Ә.

**Кәсіпорындардың
инновациялық дамуын
басқару және бәсекеге
қабілеттілік мәселелері**

Нарықтық экономика жағдайында инновациялар бәсекелестік күрестің тиімді құралы ретінде – жаңа тұтынушылардың пайда болуына, инвестициялардың тартылуына, жаңа нарықтарды жаулап алуға мүмкіндік береді. Көптеген кәсіпорындар өнімдік және технологиялық инновациялар саласында зерттеулерді жүргізуге ерекше көңіл бөлгенімен, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізе алмайды. Осыған байланысты, мақалада кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру бойынша жаңа технологияларды әзірлеу мәселесі сипатталған. Сонымен қатар, бәсекелестіктің негізгі көрсеткіштерімен байланысты ендірілген технология негізінде кәсіпорынның инновациялық қызметін басқару үдерісі ұсынылған. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік және инновациялық әлеуетін жоғарылату бойынша құралдардың ерекшелігі қарастырылған. Жаңа техника және технологияны ендіруді жобалау, дайындау және нарыққа ендіру әдістері сипатталған.

Түйін сөздер: инновациялық қызмет, инновациялық даму, бәсекеге қабілеттілік, экономикалық тиімділік, кәсіпорын экономикасы.

Smagulova G.S., Nurgali A.A.

**Management of the enterprises'
innovative development and
problems of competitiveness**

In the conditions of market economy, innovation as the effective remedy of competitive fight – promotes formation of new consumers, inflow investments and gives the chance to seize the new markets. In spite of the fact that many enterprises pay special attention to development in the grocery and technological innovations sphere, it is difficult to achieve any success. In this regard, in article need of development new technologies of increasing competitiveness and effectiveness of enterprises performance were considered. Process of enterprise's innovative development management on the basis of the introduced technology in the connection with major factors of competitiveness is presented. The tool kit of increasing competitiveness and innovative capacity of the enterprise is considered. Approaches to design, development and deployment of new equipment and technology are offered.

Key words: innovative activity, innovative development, competitiveness, economic efficiency, economy of the enterprise.

Смағұлова Г.С., Нұрғали А.А.

**Управление инновационным
развитием предприятий
и проблемы
конкурентоспособности**

В условиях рыночной экономики инновации как эффективное средство конкурентной борьбы способствуют формированию новых потребителей, притоку инвестиций и дают возможность захватить новые рынки. Несмотря на то, что многие предприятия уделяют особое внимание разработкам в сфере продуктовых и технологических инноваций, достичь каких-либо успехов достаточно сложно. В связи с этим, в статье рассматривается необходимость разработки новых технологий повышения конкурентоспособности и эффективности работы предприятия. Представлен процесс управления инновационным развитием предприятия на основе внедряемой технологии во взаимосвязи с основными факторами конкурентоспособности. Рассмотрен набор инструментов повышения конкурентоспособности и инновационного потенциала предприятий. Предлагаются подходы к проектированию, разработке и внедрению новой техники и технологии.

Ключевые слова: инновационная деятельность, инновационное развитие, конкурентоспособность, экономическая эффективность, экономика предприятия.

**КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМУЫН БАСҚАРУ
ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІК
МӘСЕЛелЕРІ**

Соңғы уақытта шаруашылықтың нарықтық жүйесіне белсенді түрде инновациялық қызмет ендірілуде. Мемлекет экономикасының инновациялық даму жолына көшуі, кәсіпорындардың салааралық және әлемдік шаруашылықтағы экономикалық өсу және бәсекеге қабілеттілік динамикасын айқындайды. Кәсіпорын қаншалықты сәтті қызмет етіп, бәсекеге қабілеттілігі жоғары болғанымен, дағдарысты жағдайларға ұшырамау үшін төмен шығындармен сапалы жаңа өнім түрлерін шығаруға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды игеруге мақсатталуы керек. Сондықтан, кәсіпорындардың басымды мәселелерінің бірі болып қазіргі күні инновациялық даму қабілеттілігін арттыру болып табылады. Дәлірек айтқанда, ұйымдардың жаңа өнім немесе бар өнімді жетілдіру арқылы нарықтың өзгерістеріне тез және нақты жауап беруге қабілеттілікті қалыптастыру, өндіру және өткізу саласында жаңа технологияларды ендіру, ішкі ұйымдық басқару жүйесін жетілдіру мен маркетингтік стратегиялардың жаңа түрлерін пайдалану және т.б. Инновациялық қызмет бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік беретін дамудың ең маңызды көзіне айналуда, ал инновациялар – жағымды инвестициялық және инновациялық климат жағдайында тез дамушы перспективалық салаларды анықтай отырып, іскерлік белсенділіктің ерекше индикаторы ретінде көрініс табады. Жаңалықтарды жүйелі түрде ендіру кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мен инновациялық дамуының басты факторына айналууда.

Бәсекеге қабілеттілік түсінігі күрделі және көп деңгейлі болып табылады және оны талдау мен бағалауды бәсекелестік кеңістіктің түрі мен географиялық масштабымен байланыстыру керек. Сондықтан, кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторларының жүйесін қалыптастырып, және әрі қарай инновациялық дамудың функционалды үлігісін құрастыру үшін, зерттеуді мезо- және микродеңгейлерден бастаған дұрыс. Мезодеңгейде салалардың инновациялық даму болашағы қалыптастырылады, ұзақ мерзімді ғылыми, технологиялық және өндірістік шешімдердің басымдылығы орын алады. Келесіде, кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің микродеңгейі бағаланады. Дәстүрлі түрде, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің өсу мүмкіндіктерін анықтаудағы ішкі фактор-

ларға: басқару сапасы; өнімді өндіру сапасы; кәсіпорынның өндірістік әлеуеті; кәсіпорынның қаржылық жағдайы; персонал біліктілігі; қызмет бойынша тәуекелдер және т.б. жатқызылады [1].

Жалпы алғанда, мезодеңгейдегі факторлар салалардың ғылыми-өндірістік ресурстарын қолданудағы тиімділік көрсеткіштерінің тұрақты жақсаруын қамтамасыз етуге бағытталған. Микродеңгейлік ішкі факторлар кәсіпорынның негізгі және қосалқы бизнес-үдерістерінің ұйымдастырылу ерекшеліктерін бейнелейді. Ал аймақ және сала деңгейіндегі кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігін арттыруды анықтайтын факторлар сыртқы болып табылатыны анық. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды анықтаушы көрсеткіштердің түрлері мен факторлар тобын қалыптастыру үдерісінде басқару саласының функционалдық ерекшеліктерін (маркетинг, өндіріс, экономика, қаржы, персонал және ақпараттық технология) және кәсіпорын құнын қалыптастырушы маркетингтік, қаржылық, инновациялық және ұйымдастырушылық элементтерді есепке алу керек. Кәсіпорынның инновациялық дамуын басқару үдерісіне инновациялық әлеует және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді таңдау мен қабылдау шараларын жүзеге асыру кіреді. Бұл үдеріс шеңберінде басшылық кәсіпорынның инновациялық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату бойынша технологиялар мен жүзеге асырылатын әдістердің жиынтығын анықтау қажет. Сонымен қатар, бәсекеге қабілеттілікті арттыруды қамтамасыз ететін инновациялық дамудың дұрыс нұсқасын анықтау мақсатында, жүргізілетін есептеулер басқарушылық шешімнің нұсқамаларын таңдау бойынша құрылған жұмыс тобының сараптамалық сауалнамасы негізінде ұйымдастырылады.

Кәсіпорындардың инновациялық дамуымен байланысты негізгі қиындық – өнімдік және үдерістік инновацияларды игерудегі қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігі болып табылады. Инновациялық дамумен қатар, кәсіпорындар бір кезекте ағымдағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру қажет. Ал бұл өз кезегінде, негізгі және айналмалы капиталды қалыптастыру, өзіндік және қарыздық қаражаттарды қолдану сұрақтарымен байланысты. Тиянақталмаған инновациялық даму бойынша стратегия айтарлықтай қаржылық жоғалтуларға алып келуі мүмкін, сондықтан оны жүзеге асырмастан бұрын, кәсіпорынның дәстүрлі және инновациялық қызметті қалыптастыру мақсатында қаржылық әлеует деңгейін анықтап алу қажет [2].

Жаңалықты сәтті өндіру үшін дұрыс технологиялық шешімдер мен ұйымдастыру және өндірістік аппараттың сәйкес деңгейін таңдау мәселесі де үлкен мәнге ие. Қолданылатын техника және технологияның деңгейін талдау тек жаңашылдық және маңыздылықты зерттеуді ғана талап етпейді, сонымен қатар қалыптасқан шарттарға икемделу қабілеттілігі, өндірістік аппаратты қайта қалпына келтіру секілді қасиеттерді есепке алу маңызды болып табылады. Осы жерде техника, технология және ұйымның икемделу қасиетін ерекше бөліп көрсеткен дұрыс. Нарықтық кеңістіктің кенеюі және көптеген диверсификация шарттарында жаңару қарқыны күшейіп, өнімдер мен оларды өндірудегі техника және технологияның әртүрлілігі жоғарылауда. Өндірісте бір мезгілде әртүрлі үлгілерге жататын өмірлік кезеңнің түрлі сатыларында орналасқан тауарлар, техника және технологиялар орын алады. Осыған байланысты, технологиялардың өзгермелілігі жоғарылап, өндірістік аппараттың осы өзгерістерге бейімделу қажеттілігі кенеттен өседі (1-сурет).


Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, инновациялық қызметтің маңызды кезеңдерінің бірі техникалық деңгей көрсеткіштерінің байланысы мен арақатынасын іздестіру, экономикалық тиімділік тұрғысынан қолданылатын жаңашылдықтардың өндірістік және пайдалану сапасын анықтау болып табылады. Жаңа техника мен технологияның сапалылық және экономикалық тиімділік мәселелерін бөлек шешу мүмкін емес, сондықтан жалпыланған технико-экономикалық үлгіні құрастырған жөн болып есептеледі. Бұл үлгі техникалық деңгей көрсеткіштерінің жалпыланған технико-экономикалық көрсеткіштерге: өзіндік құн, өнімділік және т.б. әсерін көрсетеді. Осылайша, қабылданатын технологиялық шешімдердің тиімсіздігін болдырмау үшін, ендірілетін технологиялардың кәсіпорын бәсекеге қабілеттілігі мен оның өзгерістері арасындағы байланысты анықтау маңызды. Аталған байланыс келесі стратегиялық және технологиялық факторлармен шартталған:

1. НИОКР инвестициялары (табыстағы НИОКР-ға жұмсалған шығындар бөлігі);
2. Бәсекеге қабілеттіліктегі орын (НИОКР, өнімді өндіру, технологиялардағы көшбасшылық);
3. Жаңа өнім және технология динамикасы (өмірлік циклдің ұзақтылығы, жаңа өнім мен технологияларды шығару жиілігі, өнімдердің технологиялық жаңашылдығы);
4. Бәсекеге қабілеттілік динамикасы (өнімді өндірудегі технологиялық айырмашылық,

технология бәсекеге қабілеттілік құралы ретінде, бәсекелестіктің белсенділігі) [3].

Кәсіпорынның инновациялық қызметінің ағымдық қызметінен басты айырмашылығы – кәсіпорынның ағымдық жағдайы бұрынғы тәжірибе және қалыптасқан тенденциялар арқылы бағаланады. Талдаудың бұл түрі үшін шаруашылық қызметтің қорытындысы мен шығындары арасындағы ретроспективті корреляцияны қолдану тән. Ал кәсіпорынның инновациялық

қызметін талдауда белгісіздік жағдайында болашақтағы сәттілік факторларының талдамалық болжам және болашақ шығындардың негіздемесі қажет. Ағымдық қызметке қарағанда, жаңа техника мен технология ендіру қызметі стохастикалық сипатқа ие. Сол себепті табысқа әсерді талдау: болжамдау, эксперттік бағалау әдістері, жиындық регрессивті талдама, жағдайлылық және имитациялық үлгілеу арқылы жүргізілуі керек.



1-сурет – Бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатуды қамтамасыз ететін, кәсіпорынның инновациялық дамуының функционалдық үлгісі

Ескерту – автормен құрастырылған

Нарықтық экономика шарттарында, инновациялық қызметті талдау көпдеңгейлілік сипатқа ие болып, күрделене түседі. Жаңа техника мен технологияның тиімділігін бағалаудың бірінші кезеңінде техникалық деңгей мен тиімділіктің дәстүрлі, жалпы және жеке көрсеткіштерін пайдаланған жөн. Методологиялық тұрғыдан қарағанда, технико-ұйымдастырушылық деңгейді

жоғарылатудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері мен технология, ұйым, басқару және НИОКР деңгейінің көрсеткіштерін ажырата білу керек.

Өндірістің технико-ұйымдастырушылық деңгейін жоғарылату соңғы нәтижеде өндірісті үдеріс элементтерін (еңбек, еңбек құралдары және т.б.) пайдалану деңгейінде көрініс табады.

Сол себепті, еңбек өнімділігі, қор қайтарымы, материал сыйымдылығы, өндірістік ресурстарды пайдалану белсенділігін айқындаушы айналым қаражаттары секілді экономикалық көрсеткіштер – қолданылатын жаңа техника және технологиялардың деңгейін жоғарылатудың экономикалық тиімділік көрсеткіштеріне кіреді. Жоғарыда аталған көрсеткіштер интенсификацияның жеке көрсеткіштері деп аталады. Олардың талдауын техникo-ұйымдастырушылық факторлар негізінде жүргізген дұрыс. Бірақ, жеке көрсеткіштермен қатар, жалпы көрсеткіштер де қазіргі таңда кең қолданысқа ие. Жалпы, техникалық және ұйымдастырушылық даму бойынша экономикалық тиімділікті жоғарылату шараларын сипаттайтын барлық көрсеткіштер келесідей топтарға біріктіріледі:

- еңбек өнімділігін жетілдіру, жұмысшылар саны мен еңбек ақы төлеу қорының салыстырмалы ауытқуы;

- еңбек, материалдық және қаржылық ресурстардың қолдануын белсендету арқылы өнім шығару көлемін жетілдіру;

- өнім пайдасы мен өзіндік құнын өсіру;

- кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен төлем қабілеттілік көрсеткіштерін жетілдіру және т.б.

Бірақ, кейбір жағдайларда жаңашылдықты өндірісте қолдану және пайдаланудың тиімділігін құндық бағалаумен анықтауға мүмкіндік болмайды. Сондықтан, мұндай жағдайда екі өлшем қолданылады: келтірілген шығындардың минимум өлшемі және жаңашылдық сапасының интегралды көрсеткіші. Егер сапалылықтың жеке көрсеткіштері мен келтірілген шығындардың арасында сандық функционалдық тәуелділікті анықтау мүмкін болмаса, жаңалықтың орташа өлшемді сапа көрсеткішін анықтау мақсатында эксперттік және статистикалық әдістер қолданылады. Келесі кезең ретінде келтірілген шығындар мен өнім немесе үдерістің техникалық деңгейінің жалпы көрсеткіші арасындағы тәуелділікті қалыптастыруды атауға болады. Мұндай әдістің құралы ретінде корреляциялық және регрессивті модельдеу көрініс табуы мүмкін.

Ұсынылып отырған әдістемеді дәстүрлі нормативті тәсілдемелермен қатар, «шығындар – тиімділік» тәсілдемесі қолданылады. Нарықтық экономикаға көшу барысында кәсіпорындар үшін жаңалықтарды ендірудің экономикалық тиімділігі мен техника, технологиялық деңгей өлшемдерінің қайта бағдарлану құбылысы орын алды. Қысқа мерзім шарттарында жаңалықтарды енгізу экономикалық көрсеткіштерді төмендетеді, өндірістік шығындарды жоғарылатады

және НИОКР саласына қосымша капитал салуды талап етеді. Сонымен қатар, белсенді инновациялық үдерістер, жаңа техника және технологиялар – кәсіпорын тұрақтылығын бұзады, белгісіздікті жоғарылатып, өндірістік қызмет тәуекелдерінің көбеюіне алып келеді. Одан басқа, инновациялар өндірістік ресурстарды толық пайдалануға мүмкіндік бермейді, өндірістік күштердің өнімділігін төмендетіп, персоналдың толық пайдаланбауына алып келіп, жұмысшылар ағымын жоғарылатуы мүмкін [4].

Бір жағынан, кәсіпорынның инновациялық қызметі сатылы жүргізілетін өндірістік және коммерциялық шаралар жүйесі болып табылады. Бұл жерде инновация сапасы толығымен өндірістік ортаның жағдайы мен техникo-ұйымдастырушылық деңгейге тәуелді.

Екінші жағынан, нарық – инновацияларды іріктеудің шешуші төрешісі болып табылады. Егер басымды инновациялар кәсіпорынның коммерциялық пайдасы мен бәсекелестік орнын сақтап қалу талаптарына жауап бермесе, нарық бұл жаңашылдықтан толығымен бас тартады. Сондықтан, технологиялық жаңалықтар – басымды, яғни мемлекеттің экономикалық және технологиялық қауіпсіздігі үшін маңызды, және коммерциялық, яғни кәсіпорынның нарыққа көшу шарттарындағы маңызды инновациялар болып бөлінеді. Техникалық деңгей және жаңа технологиялардың тиімділік өлшемдері мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатына, коммерциялық мақсаттылық және қаржыландыру көздерінің талаптарына жауап беруі тиіс. Жаңа технологиялық шешімдерді ендіру жағдайында өндірістік қызметтің залалдылығы тек қысқа мерзімде ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді кезеңде пайда болуы мүмкін. Бұл келесідей себептермен түсіндіріледі:

- кәсіпорынның жаңа технологияларды ендіру және қолдану бойынша жеткілікті тәжірибесінің жоқ болуы;

- жаңа технологияларды жасау негізі болып табылатын НИОКР саласының бәсекеге қабілетсіздігі;

- экономикалық конъюнктура, фирма құрылымы, нарық сегментациясының нақты талдауының болмауы;

- әлеуетті сұраныстың жоқ болуы;

- маркетинг стратегиясының дұрыс таңдалмауы;


- әлеуетті бәсекелестердің іс-әрекеттерінің есепке алынбауы;

- фирмалық фактор әсерінің анықталмауы (фирма имиджі, оның тауар белгісі және т.б.)

Қазақстанға келетін болсақ, 2009 жылдан бері еліміздегі инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 4%-тан 8%-ке жоғарылап, технологиялық инновацияларға жұмсалымдар көлемі 7 есе өскен болатын [5].

Инновациялық қызметтегі оң тенденциясы 2014 жылға дейін индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асырудың сәтті нәтижелерімен байланысты. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында, алғашқы бес жылда қажетті заңнамалық және институ-

ционалдық реформалар жүргізіліп, индустриялық-инновациялық қызметті қолдау бойынша механизмдер іске асырылған. Бағдарламаның екінші бесжылдығында (2015-2019жж.) қайта өңдеу саласына ерекше көңіл бөлінген. Басымды мақсат ретінде болашақ инновациялық салалардың дамуы жоспарланған және бағдарлама шегіндегі инновациялық саясат үш негізгі бағытқа арналатын болады. Олар: технологиялардың терең трансферті, технологиялық құзыреттерді өсіру және инновацияларға сұранысты арттыру.



2-сурет – Қазақстан Республикасындағы 2007-2014жж. кезең аралығындағы инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесі

Ескерту – автормен құрыстырылған

2020 жылға қарай мемлекетемізде инновациялық белсенді кәсіпорындар көлемін бүкіл кәсіпкерлік субъектілердің 20%-на дейін жоғарылату, ал ЖІӨ ішіндегі инновациялық өнім көлемін 2,5%-ға арттыру жоспарланған. Мұндай жетістіктерге жету үшін біріншіден металлургия, мұ-

най-химия, машина жасау секілді дәстүрлі салалардың технологиялық артқа қалуын қысқартуға бағытталған іс-шаралар қабылдау көзделген. Ал екіншіден, жаңа технологиялық шешімдерді жүзеге асыруға бағытталған бизнес жүргізу үшін жағымды жағдайлар жасау жоспарлануда.

Әдебиеттер

- 1 Анискин Ю.П. Корпоративное управление инновационным развитием. – М.: «Омега-Л», 2007. – 411 с.
- 2 Быков В.А., Философова Т.Г. Конкуренция. Инновации. Конкурентоспособность. – М.: «Юнити», 2008. – 295 с.
- 3 Йохимштайлер, Э. Увидеть очевидное. Как обнаружить и реализовать стратегию роста компании, основанную на инновационных продуктах. – М.: «Гревцов Паблишер», 2009. – 288 с.
- 4 Царев В.В., Кантарович А.А., Черныш В.В. Оценка конкурентоспособности предприятий (организаций). Теория и методология. – М.: «Юнити», 2008. – 799 с.
- 5 Жусупов Е.А., Б.Мүтәліпқызы Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті ұйымдастыру. // Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары/ Алматы, 2013. – Т.ІІ, – Б. 207-208

References

- 1 Aniskin Yu.P. Korporativnoe upravlenie innovacionnym razvitiem. – M.: «Omega-L», 2007. – 411 s.
- 2 Bykov V.A., Filosofova T.G. Konkurenciya. Innovacii. Konkurentosposobnost'. – M.: «Yuniti», 2008. – 295 s.
- 3 Yokhimshtajler, E. Uvidet' ochevidnoe. Kak obnaruzhit' i realizovat' strategiyu rosta kompanii, osnovannuyu na innovacionnykh produktakh. – M.: «Grevcov Pabliher», 2009. – 288 s.
- 4 Carev V.V., Kantarovich A.A., Chernysh V.V. Ocenka konkurentosposobnosti predpriyatiya (organizacii). Teoriya i metodologiya. – M.: «Yuniti», 2008. – 799 s.
- 5 Zhusupov E.A., B.Mыталipkyzy Kazakstan Respublikasynda innovacijalyk kyzmetti ujymdastyru. // Kazakstan Respublikasynyn Birinshi Prezidenti kыnine arналган «Sejfullin okulary – 9: zhogargy bilim zhane gylym damuyndagy zhana bagyt» atty Respublikalyk gylymi-teorijalyk konferencija materialdary/ Almaty, 2013. – T.II, – B. 207-208